



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
«**Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri**»  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

**II KITAP**



**II КНИГА**

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

«**Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики**»

Qostanaı q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 370 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

3. Өріптестерімді қызықтырып, бірлесе жұмыс жасау бағыттағы жұмысты дамытамын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбдрейімова К. Ә., Сәкенова Р. Б., Оспанов А. А., Ниязқұлова Ж. Ө. Қазақ әдебиеті (Н. А. Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша жалпы білім беретін мектептердің таңдау курсына арналған) оқу құралы. – А: 2012.-153 с.
2. Оразақынова Н. А. «Практикалық қазақ тілі» (оқу құралы). – А: 2009.-160 с.

### **ИНФОРМАТИКА МЕН МАТЕМАТИКА АРАСЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ**

Беркімбаев Райхан Әміртайқызы,  
старший преподаватель КГПУ,  
г. Костанай

#### **Аннотация**

*Информатика және математика арасындағы пәнаралық байланыстар арқылы оқу процесін жетілдіру жолдары қарастырылады.*

#### **Аннотация**

*Рассматривается совершенствование процесса обучения с применением межпредметных связей между математикой и информатикой.*

#### **Abstract**

*Considered the improvement of the learning process with the use of interdisciplinary connections between mathematics and computer science.*

**Түйінді сөздер:** информатика, пәнаралық байланыстар, компьютер, программа

**Ключевые слова:** информатика, межпредметные связи, компьютер, программа

**Keywords:** task, geometry, symmetry, Olympic Games

Математика және информатика арасындағы пәнаралық байланыстар екі жақты сипатты болады: математиканы оқу информатиканы оқытуға дайындық болуы керек; (бұған логикалық және алгоритмдік дайындық, жуықтап есептеулер жатады); сонымен қатар информатика курстары математиканы қолданады. В.Г. Болтянский математика курсына информатикадан білімдерін қолдану мүмкіндіктерін мына сұрақтармен атап көрсетті:

- математика курстарының қандай тақырыптары информатика курсымен тығыз байланыста болуы керек;
- информатика курсымен байланыстырғанда бұл тақырыптардың мазмұны мен оны оқыту әдістемесі қандай өзгерістерге ұшырайды;
- қандай есептердің шешімін программа құру арқылы компьютер көмегімен табу керек;
- математиканы оқуға бөлінген сағаттардың қанша бөлігі оқу жылында компьютер сыныбында өткізілуі мүмкін?
- математика курсының есептерін компьютер арқылы шешудің әдістемесі қандай болуы мүмкін?

Осы сұрақтарды шешу жоғары оқу орнында информатика мен математика арасындағы екі жақты байланыстарды құрудың негізі болып табылуы мүмкін. Сонымен қатар мына сұрақтарды қарастыру ұсынылады:

- студентті кәсіби бағытта оқыту үшін математика курсына математикалық есептерді шешуді жүзеге асыру құралы ретінде қандай программалық өнімді таңдау қажет?

- қолданбалы есептерді компьютерде шешу бойынша студенттердің аудиториялық және өзіндік жұмыстарының қатынасын анықтау қажет.

Сонғы жылдары қоғамдық санада компьютеризациялау туралы түбегейлі өзгерістер болғанын ескерген жөн. Егер 90-шы жылдары біздің елімізде жалпы компьютерлік сауаттылық мәселесі шешілсе, қазіргі уақытта компьютерлік білім қажеттігін барлығы мойындайды. Қандай да бір пәнді оқу барысында компьютерді қолдану, бір жағынан, оған деген қызығушылықты арттырады. Екінші жағынан, компьютер соншама үйреншікті болып кеткені сондай оның жаңашылдық элементі жоғалады.

Бағдарламалық өнім ретінде Excel кестелік процессорын қолдану ұсынылады. Кестелік процессорлар экономикалық есептеулерде кеңінен қолданылады, Excel-дың интеллектуалдық потенциалы дамыған интерфейсмен қосылып оны кең тараған экономикалық бағдарламалардың стандарты етті. Ол бухгалтерлік есептеуді автоматтандыру құралдарына қосымша ретінде, жоспарлау қызметтерінің жұмысында және т.б. қолданылады. Сондықтан студентті оқытуда математикалық есептеулерді жүзеге асырудың негізі ретінде программаны таңдау оқытудың кәсіби бағыттау принципіне сай келеді.

Excel процессорын қолдану басқа математикалық пәндерді оқудан тәуелсіз, пәнаралық біліктілік қалыптастыру арқылы математиканы оқытуды тәжірибе қызметімен тікелей байланыстыруға мүмкіндік береді. Информатика курсымен «Математика» курсының мына тақырыптары тығыз байланысты бола алады:

- матрицаға қолданылатын амалдар: қосу, матрицаны санға көбейту, матрицаларды көбейту, транспонирлеу, анықтауыштарды және кері матрицаларды есептеу;

- векторлық алгебра есептері: векторлардың скаляр және аралас көбейтінділерін, векторлық көбейтіндінің координаталарын, векторлардың ұзындығын есептеу;

- сызықты теңдеулер жүйелерін Крамер әдісімен, кері матрица әдісімен, Гаусс әдісімен шешу;

- сан тізбегі және шек ұғымдарын иллюстрациялау;

- функцияларды (көбінесе 1 айнымалы) кестелеу және олардың графиктерін сызу;

- функцияларды интерполяциялау;

- анықталған интегралдарды жуықтап есептеу;

- теңдеулерді жуықтап есептеу тәсілдерімен танысу (мысалы, жартылай бөлу әдісі).

«Информатика» және «Математика» пәндерінің мазмұндарын келістіргенде математикалық білімдерді оқытуда алдын алу принципі қолданылды (1-кесте):

- «Математикалық логика және жиындар теориясы элементтері» тарауында логикалық амалдарды оқу EXCEL процессорында тілін логикалық функциялар және қатынас амалдарының және VBA тілін оқу алдында өтеді.

- «EXCEL –де абсолютті және салыстырмалы адресация, формулаларды көшірмелеу» тақырыбын оқу мұның алдында математика курсына өтілген матрицаларға қолданылатын амалдар мысалы негізінде өтіледі, ал ол матрицалармен жұмыс дағдысын бекітуге әсер етеді.;

- EXCEL –дің стандартты функцияларын оқытқанда аналитикалық геометрия есептері мысал ретінде қолданылады (векторлардың скаляр көбейтіндісі; векторлық көбейтіндінің координаталары және векторлардың аралас көбейтіндісі; вектордың ұзындығы, векторлар арасындағы бұрыш), сызықтық теңдеулер жүйесін шешу (Крамер ережесі және кері матрица әдісімен) және т.б..

- EXCEL –де диаграммамен жұмыс істей білу математикалық функциялардың графигін сала білуді қажет етеді, онда мектеп математикасы бойынша білімдері жеткілікті;

(EXCEL –де график нүктелер бойынша салынады, яғни қандай да бір кесіндідегі функция мәндерінің кестесі негізінде).

1–кестеде «Математика» және «Информатика» бағдарламаларын келістіру келтірілген.

(1–кесте)

Математика	Информатика		
Математикалық логика	Ақпарат ұғымы. Екілік есептеу жүйесі. Информатика пәні. ЭЕМ-ді техникалық, математикалық және бағдарламалық қамтамасыз ету. Жүйелік және қолданбалы бағдарламалар. Операциялық жүйелер. Қабықшалар. Текстік редактор WORD.		
Матрицалар және анықтауыштар			
Векторлар			
Аналитикалық геометрия, Екі және үш теңдеулі сызықтық теңдеулер жүйесі	Формулалар. Абсолютті және салыстырмалы адресация. Формулаларды көшірмелеу.	Матрицалар, анықтауыштар, векторлар	EXCEL кестелік процессоры
Сызықтық кеңістіктер	Стандартты функциялар, соның ішінде математикалық, логикалық.	Аналитикалық геометрия есептері, сызықтық теңдеулер жүйесін шешу	
Сызықтық теңдеулер жүйесі	Графиктер мен диаграммаларды салу. Макростар.	Функция графиктері	
Дифференциалдық есептеулер	Реляциялық мәліметтер қоймасы, SOL мәліметтер қоймасына сұраныстар тілі		СУБД Access
Интегралдық есептеулер	Тізбектелген, тармақталған және циклдік алгоритмдер	Жартылай бөлу әдісі, анықталған интегралдың жуық мәні	VBA тілі

Информатикамен байланыстарды тағайындаудың негізгі идеясы - математика сабағында уақыт шығындамай, информатикадан лабораториялық сабақтардың мүмкіншіліктерін және студенттердің өздік жұмыстарын пайдаланып информатика курсына қайталау арқылы математикалық материалды бекітуді қамтамасыз ету. Эббингаус заңдылығы бойынша материал өтілгеннен соң ұмыту бірден интенсивтірек өтеді (алғашқы күні, алғашқы сағаты, және алғашқы минутында), ал содан соң бәсеңдейді. Осы заңдылықтың теріс әсерімен қайталау арқылы күресуге болады. Ал қайталағанда материалды реконструкциялау арқылы әртүрлі жолмен жүргізу оны өзгеріссіз қайталаудан тиімдірек.

Математикадан студенттерге өзіндік жұмыс ретінде екі комплексті проект орындау ұсынылады:

1. «EXCEL-де матрицалармен жұмыс» 1-семестр;
2. «EXCEL процессоры көмегімен функцияны зерттеу» 2-семестр.

Әр проект бойынша жұмыс сәйкес оқу-әдістемелік оқулықтарға негізделеді. Пәнаралық байланыстың көлемі мен күрделілігін біртіндеп арттыру принципіне сәйкес бірінші проект үлгі бойынша орындалады (амалдар алгоритмделеген және барлық алгоритмнің сипаттамасы оқулықта келтірілген), ал екінші проект өздік жұмыстың жоғарырақ деңгейіне сәйкес келеді және нұсқаулар бойынша орындауға арналған.

Проект №1 «EXCEL-де матрицалармен жұмыс». Сәйкес оқу-әдістемелік оқулыққа мыналар кіреді: кіріспе, матрицалар және оларға қолданылатын амалдар туралы

мағлұматтар, MS EXCEL кестелік процессоры ортасында стандартты функцияларды және формулаларды көшірмелеуді қолданып матрицаларды өңдеу тәсілдерінің сипаттамасы, сызықты алгебра және аналитикалық геометрия есептерін MS EXCEL-дің мүмкіндіктерін пайдалану мысалдары, MS EXCEL-дің мүмкіндіктерін матрицалық амалдарды қолданып экономикалық есептерді шешу мысалдары, өздік жұмысқа арналған жаттығулар мен тапсырмалар.

Проект №2 «EXCEL кестелік процессоры бойынша функцияларды зерттеу». Бұл проектінің мақсаты - экономикалық модельдеуде қолданылатын функциялар жиынтығымен, экономикалық процестерді зерттеуде жиі қолданылатын «басқа тең шарттарда» функцияны зерттеу тәсілдерімен студенттерге таныстыру. Проект 4 тапсырмадан тұрады.

1-тапсырма. EXCEL көмегімен сан тізбегін зертте.

2-тапсырма. EXCEL-де мына функциялардың графигін сыз:  $\phi = 2 + 3 \ln x$ ,  $y = 2 - 3 \lg x$ ,  $y = 4e^x$ .

3-тапсырма.  $y = ax + b$ ,  $a > 0$ ,  $b > 0$ ,  $x > 0$  функциясының өзгерісін зертте.

4-тапсырма.  $y = kx + b$ ,  $k > 0$  функциясын зертте және EXCEL кестелік процессоры көмегімен оның графигін  $k$ -ның бірнеше мәні бойынша сыз.  $k$ -ның геометриялық мағынасы қандай?

Бірінші семестрде студенттер орындайтын комплексті проект математикадан да, информатикадан да бақылау жұмысы ретінде болады да студенттердің оқу жұмысын рационализациялауға мүмкіндік береді, емтиханға дайындалуда уақыт үнемдейді.

Екінші семестрде математика мен информатиканың байланысы кемиді, бірақ бірінші семестрде алған білім мен біліктіліктері екінші комплексті проекті орындауда информатикадан алған білімдерін тиімді қолдануға және бекітуге мүмкіндік береді.

Осылайша оқу уақытын тиімді пайдалану және студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру арқылы олардың екі пәннен де білім сапасы артады. Математиканы оқытудағы алгоритмдеу математикалық әдістерді терең меңгеруге және дағдыны қалыптастыруға әсер етеді және математикалық модельдеу дағдысын қалыптастыруға алғы шарт жасайды. Экономистердің практикалық қызметінде есептеулер жүргізгенде жиі дайын алгоритмдерді қолдану қажет болатындықтан математика және информатикаға оқыту процесінде математикалық формулалар бойынша есептеулердің алгоритмдерін құра білуді қалыптастыру маңызды. Кез келген математикалық алгоритм компьютерде жүзеге асыруға дайын алгоритм болмайды.

Программалық құралдарды пайдалану компьютерді қолданбаса көп уақыт шығынын қажет ететін, бірақ практикалық қызметте өте маңызды сұрақтарды қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, мектеп бағдарламасынан арнайы таңдалған теңдеулердің мысалдары теңдеулерді шешуге үйретпейді. Нақты есептерде түрлендірулер көмегімен теңдеулер шеше білу пайдасыз екен.

«Теңдеулерді жуықтап шешу туралы ұғым» тақырыбы компьютерлік технологияның қазіргі кезеңдегі дамуына байланысты дайындалды. Егер бұрын теңдеулерді жуықтап шешу процесі өте көп есептеуді қажет ететін және сабақта орындау мүлдем мүмкін емес болса, енді жуықтап шешу қарапайым, практикалық маңызы зор және идеялық тұрғыдан өте бай.

Математиканы оқыту әдістемесі тұрғысынан қарағанда теңдеулерді жуықтап шешу туралы сұрақ графикалық ойлаумен (теңдеулерді графикалық шешу) байланысты, туындының геометриялық мағынасын түсінумен, нақты санның рационалды (ондық) жуықтауы туралы жақсы түсінігі болуы қажет. Теориялық математика тұрғысынан қарағанда бұл сұрақ үзіліссіздік ұғымымен, бар болу теоремасының маңыздылығымен (математикалық әдіс ретінде), сызықтық интерполяция идеясымен байланысты. Теңдеулерді жуықтап шешуге үйретудің практикалық әдістемесі мұндай шешуді

қарапайым етіп қана қоймай, сонымен қатар математиканың маңызды идеяларын жеңіл игеруді мүмкін етеді.

EXCEL процессорының құрамында теңдеуді жуықтап шешуге мүмкіндік беретін құрастылған құрылғылар (параметр таңдау, шешім іздеу) бар. Бірақ бұл мүмкіндіктерді тиімді пайдалану математикалық білімге негізделуі керек – құрастырма «параметр таңдау» теңдеудің алғашқы жуық мәнге ең жақын бір түбірін табатын болғандықтан, теңдеудің түбірін шектей білу қажет. Құрастырма «шешім іздеу» теңдеулер жүйесін, математикалық бағдарлау есептерін шешуге мүмкіндік береді. Бірақ онда бір ғана шешім табылады (яғни анықталмаған жүйеде шексіз көп шешімдерінің барлығын табу мүмкін емес).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кудрявцев Л.Д. Современная математика и ее преподавание – М.:Наука, 1985, 176 с.
2. Коротченкова А.А. Межпредметные связи математики и информатики при подготовке специалистов экономического профиля. – Орел, 2000. -16 с.
3. Климова Н.А. Установление межпредметных связей между математикой и экономическими дисциплинами методом главных компонент. – Н.Новгород, 2004. - 167 с.

### **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бикенова Шынар Хамитовна,  
Жаманова Гульнар Курманғалиевна,  
Кошанова Гулнур Бейсенбековна,  
тарих пәнінің мұғалімдері  
Ш.Уәлиханов атындағы  
№1 жалпы орта білім беретін мектебі.  
Арқалық қаласы.

#### **Аннотация**

*Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі оқу мақсатына жету үшін критериалды бағалау жүйесін енгізу. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын - ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың үлгерімі сыныптастарының үлгерімімен салыстырмалы түрде бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшелінеді.*

#### **Аннотация**

*Одной из основных задач обновленной образовательной программы является внедрение системы критериального оценивания для достижения цели обучения. При критериальном оценивании успеваемость учащихся измеряется с помощью конкретной совокупности заранее установленных критериев. Данная форма оценивания отличается от оценки успеваемости учащихся, основанной на нормах, которые сравнительно оцениваются с успеваемостью классов.*

#### **Abstract**

*One of the main objectives of the updated educational program is the introduction of a system of criteria-based assessment to achieve the goal of learning. In criteria-based assessment, student performance is measured using a specific set of predefined criteria. This form of assessment differs from the assessment of student performance based on norms that are comparatively assessed with the performance of classes.*

**Кілт сөздер:** жаңашыл, әдістер, критерий, дескриптор, спецификация, бағалау, сараптау.

**Ключевые слова:** инновационный, методы, критерий, дескриптор, спецификация, оценка, анализ.

**Keywords:** innovative, methods, criterion, handle, specification, assessment, analysis.

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

### ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Абдухалимов Д. К., Білімді меңгерту мен қорытындылауда Kahoot қосымшасын қолданудың тиімділігі.....	3
Абишева А. М., Развитие лексико-терминологического аппарата учащихся с помощью стартеров.....	6
Адильханова Л. О., Хамлин Е.А., Жаңартылған білім мазмұн заманауи, рухани дамыған оқушыларды оқытудағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі.....	9
Аканбаев Б. Н., Дюсеков Н. А., Жоғарғы білім беру саласында суретшілермен серіктестік орнату мәселесі.....	14
Ақбарова Р. Г., Наженова М. А., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....	19
Ақылбекова Л. Б., Аубакирова Т. У., Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында «Дамыта оқыту технологиясы» арқылы оқушылардың қабілетін дамыту жолдары....	21
Ақышева Б. Ж., Айнабекова А. С., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	25
Алёшина И. А., Диалог на уроке – эффективный способ развития критического мышления.....	30
Аликулова М. С., Асанова К. И., Алиева Ж. Ш., Қаптан белгішелері арқылы мәтінмен өздігінен жұмыс жасау дағдысын дамыту әдістері.....	34
Альдикенова А. А. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....	39
Амантаева А. Б., Бухметова А. А., Использование инновационных методов изучения философии.....	43
Амиркулова Н. С., Сапакова Ж. М., Мамырбаева А. К., Внедрение обновленной программы содержания образования в практику.....	46
Андреева С. Н., Применение электронного сопровождения на уроках физической культуры.....	49
Асанова А. Б., Унгутбаева Г. Ш., Кинжибаева А. С., Использование инновационных технологий на занятиях по английскому языку с целью повышения мотивации к его изучению.....	52
Асканбаева Г. Б., Доспулова У. К., Решение задач повышенной трудности по геометрии.....	56
Аслямова Р. Г., Система применения инновационных технологий и методов в практике преподавания истории Казахстана в коррекционной школе.....	59
Астахова Л. В., Даус Е. В., Елькина Н. М., Традиционные и инновационные приёмы обучения детей каллиграфическому письму как условие повышения грамотности младших школьников.....	63
Асылханова Г. А., Досбаева А. С. Продуктивное использование новых технологий в практике современного образования.....	65
Ахметбекова Б. Р., Нұрқанова М. Д., Елекеева С. А., Инновациялық әдіс-тәсілдердің оқыту үрдісіндегі тиімділігі.....	68



<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	72
<i>Байгалиева А. А., Жакупова Б. К., Исмаилова С. Ш.,</i> Қалыптастырушы бағалау негізінде оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту жолдары.....	75
<i>Бадаева М. С.,</i> Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында қолдану.....	78
<i>Байменова А. А., Рахметова Г. М., Соловей Т. Ю.,</i> Опыт применения технологии индивидуализации и уровневой дифференциации в современном образовании.....	82
<i>Баймуханова Г. А.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	86
<i>Байшугулова Б. К., Аубакирова К. Е., Жумагулова Т. С.,</i> Заманауи технологиялардың педагогикалық процесте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері .....	90
<i>Бактығалиева А. К., Лопарева Ю. В., Усенова Г. Р.,</i> Профессиональный подход в развитии музыкальной одаренности на занятиях вокального ансамбля.....	94
<i>Бармина А. Ю., Станишевская Г. А.,</i> Уровневая дифференциация на уроках – путь к творчеству, знаниям, сотрудничеству.....	98
<i>Батура Л. В., Бабаченко Л. П., Курманбаева И. С.,</i> Технологические приемы работы с интерактивными досками.....	102
<i>Бородина Н. С.,</i> Формирование новой модели сознания и мышления старшеклассников на уроках истории в свете задач программы «Рухани жаңғыру»..	106
<i>Бейсенова С. А.,</i> Тарих сабақтарында «Биоақпарат және синергетика» технологиясын пайдалану тиімділігі.....	109
<i>Бекентаев С. Ж.,</i> Тарих сабағында жаңа технологияларды пайдалану.....	114
<i>Бекмұхамбетова С. Қ.,</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологиялардың қолданылуы.....	117
<i>Беркімбай Р. Ә.,</i> Информатика мен математика арасындағы пәнаралық байланыстарды жетілдіру.....	121
<i>Бикенова Ш. Х., Жаманова Г. К., Кошанова Г. Б.,</i> Заманауи білім беру жүйесінде бағалаудың тиімділігі мен ерекшеліктері.....	125
<i>Білісбекова Д. Б., Мырзағалиева А. Б.,</i> Инновациялық білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің негізгі тенденциялары.....	129
<i>Брагина Т. М., Брагин Е. А.,</i> Опыт применения инновационных технологий в повышении образовательного и воспитательного потенциала молодежи через деятельность студенческих клубов.....	132
<i>Вартаньян Г. В.,</i> Как использование дифференцированных заданий влияет на уровень обученности.....	136
<i>Васильева О. М.,</i> Английский язык в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.....	140
<i>Василькова Н. А.,</i> Проектирование педагогической технологии на основе структурно-функционального инварианта педагогической деятельности.....	143
<i>Винникова Л. В., Жуламанова Д. А.,</i> Информационно-коммуникационные технологии на уроках русского языка и литературы как инструмент деятельности современного учителя.....	149
<i>Гевел Н. В.,</i> Опыт применения технологии развития критического мышления на уроках биологии в рамках современного образования.....	152
<i>Гливина Е., Бактығалиев А. К., Сагумбаева А. С.,</i> Практическая деятельность обучающихся как фактор развития профессиональной компетентности будущих специалистов.....	156
<i>Гурина М. Р., Бургард М. С.,</i> Опыт внедрения системы дуального обучения в лисаковском техническом колледже.....	161
<i>Данильченко Г. И.,</i> Использование кейс-технологии в процессе обучения будущих учителей начальных классов.....	165